

(Банктік қарыз шартының үлгілік нысаны)

## БАНКТІК ҚАРЫЗ ШАРТЫ

Осы Банктік қарыз туралы шарттың үлгілік талаптары, бұдан әрі «Шарт» деп аталатын, «ForteBank» АҚ-ның (бұдан әрі – Банк) заңды тұлғалармен және жеке кәсіпкерлермен банктік қарыз туралы шарттарды Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінің 389-бабында қарастырылған тәртіпте бекіту мақсатында дайындалды.

### 1. НЕГІЗГІ ТАЛАПТАР

1.1. Шарттың ажырамас бөлігі болып табылатын Бланкілік кепілдіктер бойынша қосылу туралы өтінішке сәйкес, Қарыз алушы Шартты қабылдайды және толықтай қосылады.

1.2. Бланкілік кепілдіктер бойынша қосылу туралы өтініште келесі Шарт талаптары белгіленеді:

- 1) қарыздың сомасы, валютасы және мерзімі;
- 2) сыйақы мөлшерлемесінің түрі, қарызды пайдаланған үшін сыйақы мөлшерлемесінің мөлшері, сонымен қатар дұрыс жылдық тиімді салыстырмалы есептеумен;
- 3) қарызды өтеу тәсілі;
- 4) қарызды өтеу әдісі;
- 5) қарызды өтеу кезектілігі;
- 6) негізгі борышты уақытында өтемегені және сыйақыны төлемегені үшін тұрақсыздық айыбын (айыппұлды, өсімақыны) есептеу тәртібі және мөлшері;
- 7) қарыз беруге және қызмет көрсетуге байланысты алынатын комиссиялардың және басқа төлемдердің толық тізбесі және олардың мөлшері;
- 8) қарызды және сыйақыны өтеу тәртібі, жиілігі;
- 9) Қарыз алушы қабылдаған міндеттемелерін орындамаған немесе тиісті түрде орындамаған кезде Банк қолданатын шаралар;
- 10) қарыздың қолданылу мерзімі;
- 11) тараптардың жауапкершілігі.

1.3. Шарт Бланкілік кепілдіктер бойынша қосылу туралы өтінімде белгіленген қарыз берілген күннен бастап күшіне енеді.

1.4. Егер Шарт жасалғаннан кейін уәкілетті мемлекеттік орган бақылау пайымдамасын қолданатын болса немесе кез келген ақпарат көзі арқылы Банкте Қарыз алушы мен Банктің арасындағы ерекше қарым-қатынас туралы негізді және расталған ақпарат пайда болса, онда Қарыз алушы Банк көрсеткен мерзімде:

- уәкілетті мемлекеттік орган жасаған терроризм мен экстремизмді қаржыландыруға байланысты ұйымдар мен тұлғалар тізімінде (бұдан әрі - Тізбе) Қарыз алушы туралы ақпараттың болуы;
- Уәкілетті мемлекеттік органның құқықтық актілерімен белгіленген талаптарға сай болу мақсатында қамтамасыз етуді ұсыну, оның мөлшері мен түрін Банк талаптарда көрсетеді; және (немесе)
- Банк белгілеген сомаға дейін Банк талаптарының бір бөлігін орындау.

## 2. ТАРАПТАРДЫҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ

### 2.1 Банк құқылы:

2.1.1. Қазақстан Республикасының «Қазақстан Республикасындағы банктер және банк қызметі туралы» Заңының 34-бабының 3-тармағында қарастырылған, сонымен қатар Шартта белгіленген жағдайларда Шарттың талаптарын Қарыз алушы үшін жақсарту жағына қарай біржақты тәртіпте өзгертуге;

2.1.2. Қарыз алушы қарызды өтеудің белгіленген мерзімін қырық күнтізбелік күннен асырып бұзған жағдайда, қарызды мерзімінен бұрын өтеуді талап етуге;

2.1.3. Қарыз алушыға тиісті мәтіндік/дауыстық хабарламаны (мыналарды қоса алғанда, бірақ бұлармен шектелмей: SMS, e-mail, қағазға жазылған хат, телефон қоңыраулары арқылы) Қосылу туралы өтініште және/немесе Банк ұсынған өзге құжатта көрсетілген Қарыз алушының көрсетілген барлық байланыс деректеріне (мыналарды қоса алғанда, бірақ бұлармен шектелмей: мобильді нөмір, e-mail, пошталық үй мекенжайына) жіберуге;

2.1.4. Банк қызметі, өнімдері, жарнамалық науқандары бойынша кез келген ақпарат бар хабарламаның барлық түрін (мыналарды қоса алғанда, бірақ бұлармен шектелмей: SMS, e-mail, қағазға жазылған хат) Қарыз алушының барлық көрсетілген байланыс деректеріне (мыналарды қоса алғанда, бірақ бұлармен шектелмей: мобильді нөмір, e-mail, пошталық үй мекенжайы) жолдауға.

2.1.5. Қарыз алушыдан Қарыз алушының дербес деректерін жинау, өңдеу және FATCA (Foreign Account Tax Compliance Act) талаптарына сәйкес беру үшін қажетті ақпарат пен құжаттарды талап етуге;

2.1.6. Қарыз алушы осы Шарт бойынша өз міндеттемелерінің кез келгенін бұзған жағдайда және/немесе егер Банк Шарттың талаптары, Қазақстан Республикасының және Банк қызметіне қатысы бар шетел мемлекеттерінің заңнамаларының, ішкі рәсімдердің және жария болып табылатын Банктің және корреспондент-банктің шарттарының талаптары бұзылған, бұзылуы мүмкін деп тұжырымдаса, сондай-ақ әрекеті (соның ішінде, бірақ бұлармен шектелмей, операция түріне, Қарыз алушының тіркелген және (немесе) орналасқан елімен, сонымен қатар осы елдерге/осы тұлғаларға немесе осы елдерден/осы тұлғалардан жүргізілетін төлемдерге байланысты) Банкке және Қарыз алушыға таралатын кез келген елдің, халықаралық ұйымның юрисдикциясына сәйкес санкция болған жағдайда, бір жақты соттан тыс тәртіпте Шартты орындаудан бас тартуға, бұл ретте бұл туралы Қарыз алушыға Шартты орындаудан бас тартудың болжалды күніне 2 (екі) жұмыс күні қалғанда жазбаша хабарлауға;

2.1.7. Қарыз алушыдан немесе үшінші тұлғадан (-лардан) алынған және/немесе Банк Қарыз алушының қарыз бойынша берешегін өтеуге акцептісіз есептен шығарған қаражатты Банк ақшалай қаражат түскен және/немесе есептен шығарылған күніне конверсиялық операцияларды жүргізу үшін белгілеген бағам бойынша, тиісті төлем жүргізілген валютадан басқа валютаға айырбастауға және алынған қаражатты Қарыз алушының қарызы бойынша берешегін өтеуге жіберуге, ал егер алынған/есептен шығарылған қаражат Қарыз алушының берешегінен асып кетсе, қалған қаражат Қарыз алушының кәсіпкерлік мақсаттар үшін ашылмаған және (немесе) үшінші тұлғалардың (тұлғаның) сол қаражат келіп түскен/есептен шығарылған шотына (-тарына) немесе Қарыз алушының және (немесе) үшінші тұлғаның (үшінші тұлғалардың) кез келген басқа шотына (-тарына) тиісті валютада немесе Қарыз алушы және (немесе) үшінші тұлға (-лар) көрсеткен шотқа жібереді.

2.1.8. кез келген уақытта Қарыз алушының қаржылық жағдайын және Қарыз алушының тиісінше орындалған/тиісінше орындалмаған басқа да міндеттемелерін тексеруге;

2.1.9. Банктің пікірінше, Қарыз алушының Шарт бойынша Банк алдындағы міндеттемелерін бұзуы орын алса/бұзу қаупі туындаған болса, Қарыз алушыдан Қамтамасыз етуді талап етуге;

2.1.10. Қарыз алушыдан Қарыз алушының дербес деректерін жинау, өңдеу және FATCA талаптарына сәйкес беру үшін қажетті ақпарат пен құжаттарды талап етуге;

2.1.11. Шартта және/немесе Қазақстан Республикасының заңнамасында қарастырылған басқа құқықтарды жүзеге асыруға.

### 2.2. Банк міндеттенеді:

2.2.1. Қарыз алушының өтініші бойынша, айына бір реттен жиі емес, үш жұмыс күнінен артық емес мерзімде, өтеусіз негізде, жазбаша түрде Шарт бойынша берешекті өтеуге түскен ақшаны (негізгі борышқа, сыйақыға, комиссияға, тұрақсыздық айыбына және айыппұл санкцияларының

өзге түрлеріне, сонымен қатар мерзімі өткен төлемдерді көрсете отырып, төленетін басқа да сомаларға) бөлу туралы ақпаратты ұсынуға;

2.2.2. Шарт бойынша ұсынылған ақшаны Банкке мерзімнен бұрын ішінара немесе толығымен қайтару туралы Қарыз алушының өтініші бойынша, ақысыз, үш жұмыс күннен кешіктірмей, оған негізгі борышқа, сыйақыға, комиссияға, тұрақсыздық айыбына және өзге айыппұл санцияларының түрлеріне, сондай-ақ төленуі тиіс басқа да сомаларға бөлумен төленетін соманың көлемін хабарлауға. Осы тармақшаның ережесі, Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің 722-бабының 1-тармағының бесінші бөлігіне (Ерекше бөлім) сәйкес, Шарт бекітілген күннен бастап он төрт күнтізбелік күн өткен соң негізгі борышты мерзімінен бұрын өтеу жағдайларына қолданылады және банк қарызды мерзімінен бұрын өтеуге келіскен не бұл шартта көзделген жағдайларда қолданылады.

2.2.3. Банк бұндай шешім қабылдаған сәттен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде Банк Қарыз алушының Шартта және/немесе Қарыз алушының Банкке тапсырған Бланкілік кепілдіктер бойынша қосылу туралы өтініште/басқа құжатта (хабарламада) көрсетілген Қарыз алушының мобильді телефон нөміріне SMS жолдау арқылы немесе Банктің қалауы бойынша Шартта қарастырылған басқа тәсілмен Қарыз алушыға Шарт талаптарының Қарыз алушы үшін жақсарту жағына қарай өзгертілгендігі туралы хабарлауға;

2.2.4. Міндеттемені орындау мерзімі өткен кезде, бірақ міндеттемені орындау мерзімі өткен күннен бастап жиырма күнтізбелік күнінен кешіктірмей, Қарыз алушыға Шартта қарастырылған тәсілмен және мерзімде мерзімі өткен берешек мөлшерін және Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындамау салдарын көрсете отырып, Шарт бойынша төлемдерді енгізу қажеттігі туралы хабардар етуге;

**Тараптар Банктің Қарыз алушыға Шарт бойынша міндеттемелерді орындаудың кешіктірілгені туралы хабарламаны жіберуге құқығы бар екендігімен келіседі және растайды, егер ол келесі тәсілдердің бірімен жіберілсе, жеткізілді деп есептеледі:**

**а) Шартта көрсетілген электронды пошта адресіне;**

**б) Шартта көрсетілген тұрғылықты/тіркелген жері бойынша, оның табысталғаны туралы хабарламамен тапсырысты хат арқылы (оның ішінде көрсетілген мекенжайда тұратын Қарыз алушының кәмелет жасына толған отбасы мүшелерінің бірі алғанда);**

**с) Қарыз алушының хабарламаны алғанын белгілеуді қамтамасыз ететін басқа байланыс құралдарын пайдалану (сонымен қатар, бірақ олармен шектелмей: Банктің Шартта көрсетілген Қарыз алушының/Қарыз алушының атқарушы органының ұялы телефонының абоненттік нөміріне мәтіндік хабарлама жіберу арқылы).**

Хабарлама оны Қарыз алушыға беру мүмкін еместігі туралы белгімен немесе оны қабылдаудан бас тартуға, сондай-ақ осы тармақшада көрсетілгеннен басқа байланыс құралдарын пайдалану кезінде оның қабылданғанын растамауға байланысты қайтарылған жағдайда, хабарлама тиісті түрде жіберілген болып есептеледі.

2.2.5. Шарт бойынша талап ету құқығын үшінші тұлғаларға берген кезде:

1) талап ету құқығын беру туралы шартты бекіткенге дейін Қарыз алушыға (немесе оның уәкілетті өкіліне) (талап ету) құқығының үшінші тұлғаға берілуі мүмкін екендігі туралы, сонымен қатар бұндай беруге байланысты, осы Шартта қарастырылған немесе Қазақстан Республикасының заңнамасына қайшы келмейтін тәсілмен Қарыз алушының дербес деректерінің өңделетіндігі туралы хабарлауға;

2) Қарыз алушыға (немесе оның уәкілетті өкіліне) (талап ету) құқығының үшінші тұлғаға берілгендігі туралы осы Шартта қарастырылған немесе Қазақстан Республикасының заңнамасына қайшы келмейтін тәсілмен, талап ету құқығын беру туралы шарт бекітілген күннен бастап 30 (отыз) күнтізбелік күн ішінде, банктік қарызды өтеу бойынша үшінші тұлғаға тағайындалған бұдан арғы төлемдерді (оған Шарт бойынша (талап ету) құқығы өткен тұлғаның атауы мен орналасқан жері), берілген (талап ету) құқығының толық көлемін, сонымен қатар негізгі борыштың мерзімі өткен және ағымдағы сомаларының қалдықтарын, сыйақыны, комиссияларды, тұрақсыздық айыбын (айыппұл, өсімақы) және төленуі тиіс басқа сомаларды көрсете отырып хабарлауға.

Банк Шарт бойынша құқықтарды (талаптарды) үшінші тұлғаға берген жағдайда, Қазақстан Республикасының заңнамасымен Банктің Шарт шеңберінде Қарыз алушымен өзара қарым-қатынасына қойылатын талаптар мен шектеулер Қарыз алушының құқық (талап) берілген үшінші тұлғамен құқықтық қатынасқа қолданылады;

При уступке права (требования) Банком по договору третьему лицу требования и ограничения, предъявляемые законодательством Республики Казахстан к взаимоотношениям Банка с Заемщиком в рамках Договора, распространяются на правоотношения Заемщика с третьим лицом, которому уступлено право (требование);

2.2.6. Қарыз алушының қарызбен байланысты сұрақтары бойынша жазбаша өтінішін жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарау тәртібін реттейтін Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінде белгіленген мерзімде қарауға және жазбаша жауап дайындауға;

2.2.7. Шартта, Қазақстан Республикасының заңнамасында қарастырылған басқа міндеттерді орындауға.

### **2.3 Банк құқылы:**

2.3.1. Қарызды беру күніне белгіленген комиссиялар мен басқа төлемдерді есептеу тәртібін және мөлшерін ұлғайту жағына қарай біржақты тәртіпте өзгертуге және Шарт бойынша комиссиялар мен басқа да төлемдердің жаңа түрлерін енгізуге;

2.3.2. Қарыз алушыға сақтандыру ұйымын және (немесе) тәуелсіз бағалау компаниясын/бағалаушыны таңдауда шектеу қоюға, сондай-ақ Қарыз алушыға өз өмірін және денсаулығын сақтандыру міндетін жүктеуге.

2.3.3. келесі жағдайларды қоспағанда, Қарыз алушымен Шарт жасасқан күнге белгіленген сыйақы мөлшерлемелерін біржақты тәртіпте ұлғайту жағына қарай өзгертуге:

- a) Шартта көзделген жағдайларда Қарыз алушының қарыз алуға және оған қызмет көрсетуге байланысты шынайы ақпаратты беру бойынша өз міндеттемелерін бұзуы;
- b) Банктің Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларда, сондай-ақ мынадай жағдайларда міндеттемені мерзімінен бұрын орындауды талап ету құқығы туындаса:
  - Акционерлік қоғамның (шаруашылық серіктестігінің) акцияларының (қатысу үлестерінің) он және одан да көп процентін жалпы алғанда иеленетін Қарыз алушының қатысушыларының (акционерлерінің) құрамын Банкке алдын ала жазбаша ескертусіз өзгерту;
  - үшінші тұлғалардың Қарыз алушының мүлкіне талаптар қоюы.

2.3.4. бір жылға дейінгі мерзімге берілген қарызды алған күннен бастап алты айға дейінгі, бір жылдан астам мерзімге берілген қарызды алған күннен бастап бір жылға дейінгі мерзімде негізгі борышты ішінара немесе толығымен мерзімінен бұрын өтеу жағдайларын қоспағанда, қарыздарды мерзімінен бұрын өтегені үшін тұрақсыздық айыбын немесе айыппұл санкцияларының өзге де түрлерін өндіріп алуға.

2.3.5. егер негізгі борышты және/немесе сыйақыны өтеу күні демалыс немесе мереке күніне келсе, ал сыйақыны және/немесе негізгі борышты төлеу одан кейінгі келесі жұмыс күні жүргізілсе, тұрақсыздық айыбын немесе айыппұл санкцияларының өзге де түрлерін өндіріп алуға.

### **2.4. Қарыз алушы мыналарға құқылы:**

2.4.1. мерзімінен бұрын өтеу жоспарланған күннен кемінде 5 (бес) жұмыс күні бұрын Банкке мерзімінен бұрын өтеу туралы жазбаша хабарлама жібере отырып, нақты пайдаланған уақыты үшін сыйақыны және Банкке тиесілі басқа да сомаларды төлеу арқылы қарыз бойынша берешекті мерзімінен бұрын (толық немесе ішінара) өтеуге;

2.4.2. Шарт талаптарының Қарыз алушы үшін жақсару жағына қарай өзгертілгендігі туралы хабарламаны алған күннен бастап 14 (он төрт) күнтізбелік күн ішінде осы Шартта қарастырылған тәртіпте Банкке тиісті жазбаша хабарлама жіберу арқылы Банк ұсынған жақсарту талаптарынан бас тартуға;

2.4.3. Шарт бойынша берешекті өтеу шотына түсетін ақшаны (негізгі борышқа, сыйақыға, комиссияларға, тұрақсыздық айыбына және айыппұл санкцияларының өзге түрлеріне, сондай-ақ басқа да төленетін сомаға) бөлу туралы ақпаратты өтініші бойынша, 3 (үш) жұмыс күнінен артық емес мерзімде, жазбаша нысанда, айына бір реттен аспайтын жиілікте ақысыз алуға;

2.4.4. Шарт бойынша ұсынылған ақшаны Банкке мерзімінен бұрын ішінара немесе толығымен қайтару туралы өтініші бойынша негізгі борышқа, сыйақыға, комиссияларға, тұрақсыздық айыбына және айыппұл санкцияларының өзге түрлеріне, сондай-ақ төленетін басқа да сомаларға бөлінген қайтарылуға тиісті соманың мөлшері туралы мәліметтерді 3 (үш) жұмыс күннен артық емес мерзімде жазбаша нысанда ақысыз алуға;

2.4.5. алатын қызметтер бойынша даулы жағдайлар туындағанда Банкке жазбаша өтініш білдіруге және Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 12 қаңтардағы «Жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарау тәртібі туралы» Заңының 8-бабында белгіленген мерзімде жазбаша жауап алуға;

2.4.6. егер Қарызды өтеу және/немесе Сыйақыны төлеу күні жұмыс емес күнге түскен жағдайда, қарызды және/немесе сыйақыны төлеуді тұрақсыздық айыбы мен айыппұл сакцияларының басқа да түрлерін төлемей, одан кейінгі келесі жұмыс күні жүргізуге;

2.4.7. Шартта және/немесе Қазақстан Республикасының заңнамасында қарастырылған басқа да құқықтарды жүзеге асыруға.

## **2.5. Қарыз алушы мыналарға міндеттенеді:**

2.5.1. Шарттың қолданылу мерзімі бойы Банктен тиісті сұрау салуды алған күннен бастап 5 (бес) күнтізбелік күннен кешіктірмей, егер Банктің тиісті сұрау салуында өзге мерзімдер көрсетілмесе, оған қоса, бірақ онымен шектелмей, Банктің әдетте қарыз ұсыну кезінде қоятын талаптарының барлығын сақтауға/орындауға:

(а) Шартты орындау, өзгерту және әрекетін тоқтату және/немесе ол бойынша міндеттемелердің орындалуын қамтамасыз ету (бар болса) және/немесе Банктің валюталық тәуекелдерін хеджерлеу үшін қажетті шарттар мен келісімдерге Банк ұсынған және/немесе онымен келісілген нысанда және мазмұнда қол қоюға/қол қоюды (жасауды, тіркеуді, есепке алуды және т.б.) қамтамасыз етуге;

(б) Банкке мыналар үшін қажетті ақпаратты және/немесе тиісті түрде ресімделген құжаттарды ұсынуға: (i) Банктің ішкі нормативтік құжаттарына және/немесе Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес кредит деректемесін қалыптастыру және/немесе (ii) Уәкілетті мемлекеттік органның талаптарын орындау және/немесе (iii) қаржыландыру талаптарына өзгерістер енгізу және/немесе (iv) Банктің Шарт бойынша өз құқықтарын жүзеге асыруы.

2.5.2. Шарттың қолданылу мерзімі ішінде кез келген мәмілені (өзара байланысты бірнеше мәмілені) жасасуға және/немесе шешім (-дер) қабылдауға, оның нәтижесінде:

(а) Қарыз алушы кез келген сомада ақша (қарыз (-дар), қаржылай көмек, облигацияларды немесе басқа қаржы құралдарын шығару/сатып алу түрінде) алады және/немесе үшінші тұлғаларға ұсынады, кепілдіктер, кепілгерліктер береді; және/немесе

(б) Қарыз алушының кез келген мүлкіне/Қарыз алушының баланстық/нарықтық құны мәміле жасалған күні (оның активтерінің/оның жеке капиталының баланстық құнының %) (қажетті нұсқаны таңдау керек) асатын мүлкіне меншік құқығы тоқтатылады (кез келген негіздер бойынша), үшінші тұлғалардың құқықтарымен ауыртпалық жүктеледі (сонымен қатар, бірақ олармен шектелмей, жалға беру, басқару, өтеусіз пайдалану, сервитут, опцион, лизинг, кепіл); және/немесе

(с) үшінші тұлға Қарыз алушы қабылдаған шешімдерді тікелей немесе жанама түрде анықтау мүмкіндігіне ие болады, оның ішінде егер бұл Қарыз алушы басшылығының құрамын өзгертуге немесе олардың өкілеттіктерін толығымен/ішінара шектеуге әкеп соқтырса; және/немесе мынадай салдарлар басталады: (i) Қарыз алушыны қайта ұйымдастыру немесе тарату; және/немесе (ii) Қарыз алушының жарғылық капиталының азаюы; және/немесе (iii) Банктің пікірі бойынша Қарыз алушының Шарт бойынша міндеттемелерді бұзу қаупіне әкеп соқтыратын немесе әкеп соғуы мүмкін Қарыз алушы қызметінің негізгі бағыттарын кеңейтуді немесе тарылтуды қоса алғанда, өзгерістер; (iv) Қарыз алушының акцияларының (қатысу үлестерінің) \_\_\_ және одан да көп процентін иеленетін Қарыз алушының қатысушыларының/акционерлерінің құрамындағы өзгерістер (курсивпен белгіленгенді Банктің уәкілетті органының шешімі бойынша толықтыру);

(d) Қарыз алушы күрделі шығындарды жүзеге асырады және/немесе кез келген сомаға мүлік сатып алады; алдын ала, тиісті операцияны жүргізу/шешімді қабылдау жоспарланған күнге кемінде 15 (он бес) күнтізбелік күн қалғанда Банктің жазбаша келісімін алған жағдайда ғана.

Шарттың осы тармақшасында көрсетілген операцияларды жүргізуге/шешімдерді қабылдауға Банктен келісім алынған жағдайда, Қарыз алушы тиісті операцияны жүргізген/тиісті шешімді қабылдаған күннен бастап 5 (бес) күнтізбелік күннен кешіктірмей Банкке растайтын құжаттарды ұсынуға міндеттенеді.

Қарыз алушы қайта ұйымдастырылған және/немесе жарғылық капиталы азайған жағдайда, Қарыз алушы Банкке белгісі бар/уәкілетті органдар/лауазымды тұлғалар берген және Қарыз алушының қайта ұйымдастырылуын және/немесе жарғылық капиталының азаюын көрсететін құрылтайшылық және құқықтық статусы бойынша басқа да құжаттардың нотариат куәландырған көшірмелерін оларды алған күннен бастап 5 (бес) күнтізбелік күннен кешіктірмей беруге міндеттенеді.

2.5.3. Шартта және/немесе Банк талаптарында белгіленген мерзімдерде, сомада және тәртіпте:

(а) қарыздың қайтарылуын қамтамасыз етуге және Банкке мыналарды толық төлеуге: 1) сыйақы мен комиссиялар сомасын, оларды төлеу бойынша Қарыз алушының міндеттемесі Шартта көзделген; 2) Банк бекіткен мөлшерлемелер мен тарифтерге сәйкес Қарыз алушыға қызмет көрсетуді қаржыландыруға байланысты комиссиялардың сомасын;

(б) Банк төлеген/төлейтін Шартты орындау мақсатында Банк тартатын басқа банктердің және/немесе қаржы ұйымдарының сыйақыларының және/немесе комиссияларының сомаларын Банк пайдасына өтеуге/беруге.

Осыған байланысты, Қарыз алушы Банктің хабарламасы (ескертпесі) Банк пайдасына Шартты орындау мақсатында Банк тартқан шетелдік (басқа) банктердің және/немесе басқа қаржы ұйымдарының сыйақы және/немесе комиссияларының сомаларын өтеуге/аударуға жеткілікті және заңды құжат болып табылатынын сөзсіз және қайтарып алусыз растайды;

(с) Банкке Шартты жасауға және/немесе орындауға және/немесе орындалуын қамтамасыз етуге байланысты келтірілген барлық құжатпен расталған шығындарды Банкке өтеуге.

2.5.4. Банктің бірінші талабы бойынша FATCA талаптарын орындау үшін барлық қажетті құжаттар мен ақпаратты ұсынуға;

2.5.5. Осы Шарттың қолданылу мерзімі бойы таза Қосылу туралы өтініште көрсетілген Қарыз алушының ағымдағы банктік шоты бойынша кредиттік айналымды (Қарыз алушының ағымдағы банктік шоты арқылы өтетін барлық төлемдер, мыналарды алып тастағанда: кредиттік және басқа да айналымнан тыс берешекті тарту және өтеу (сонымен қатар қаржылай көмек); депозиттерді тарту және өтеу; аудару; еншілес компаниялармен трансферттік операциялар; Банк ішіндегі шоттар арасында меншікті қаражатты аудару; инвестициялық қызметтен ірі біржолғы операциялар; ақшалай қаражатты қайтару) 20% (жиырма) процент мөлшерінде қамтамасыз етуге;

2.5.6. қарыздың қолданылу мерзімі ішінде тиісті растаушы құжаттарды қоса бере отырып, Банкті мыналар туралы жазбаша хабардар етуге:

(а) Қосылу туралы өтініште көрсетілген өз деректемелерінің өзгеруі туралы; күн тәртібіне Қарыз алушыны қайта құру және/немесе тарату туралы және/немесе Қарыз алушының жаңа заңды тұлғаларды құруға қатысуы туралы және/немесе Қарыз алушының басқа заңды тұлғалардың жай атаулы акцияларын (қатысу үлесін) сатып алуы туралы және/немесе оның құрылтайшы құжаттарына өзгерістер мен толықтыруларды енгізу туралы мәселелер енгізілген алда болатын Қарыз алушының акционерлерінің/қатысушыларының жалпы жиналысы және/немесе директорлар кеңесінің (бақылау кеңесі немесе осыған ұқсас өзге орган) отырысы туралы, сондай-ақ осындай жиналыстарда және/немесе отырыстарда қабылданған шешімдер туралы; басқару органдарының/атқарушы органның/бақылау кеңесінің/ревизиялық комиссияның және Қарыз алушының құрылтай құжаттарында олардың болуы қарастырылған өзге органдардың құрамындағы өзгерістер туралы;

(б) оған берілген рұқсаттың және/немесе лицензияның (толық немесе белгілі бір бөлігінде) қолданылуын тоқтата тұру немесе тоқтату туралы;

(с) оның қызметіндегі немесе қаржылық жағдайындағы өзгерістер туралы, сонымен қатар, бірақ мұнымен шектелмей Келісім бекітілген күні жүзеге асыратын/оның құрылтай құжаттарында көрсетілген қызметтен басқа қызметпен айналысу туралы;

(д) Шарт жасалған күннен бастап төменде көрсетілген мерзім ішінде Қазақстан Республикасының аумағындағы және оның аумағынан тыс жерлердегі қаржы ұйымдарындағы барлық өзінің банктік шоттары туралы;

(е) Қарыз алушының кез келген мүлкінің бүлінуі және/немесе иеліктен шығуы және/немесе меншік құқығын тоқтату туралы (оның активтерінің/меншікті капиталының баланстық құнының %) (қажетті нұсқаны таңдау керек);

(ф) денсаулық сақтау, қауіпсіздік және еңбекті қорғау туралы, сондай-ақ қоршаған ортаны қорғау туралы заңнаманы бұзу туралы;

(г) материалдық шығындарға әкелетін, туындайтын тәуекелдер туралы;

(h) **дивидендтерді төлеу және/немесе таза табысты бөлу күніне дейін кемінде 30 (отыз) күнтізбелік күн қалғанда** Қарыз алушының акционерлеріне дивидендтерді жоспарлы төлеу туралы және/немесе Қарыз алушының қатысушылары арасында таза табысты жоспарлы бөлу туралы;

(i) Банкроттыққа әкеп соғатын/әкеп соғуы мүмкін мән-жайлар туындаған сәттен бастап 5 (бес) күнтізбелік күн ішінде Қарыз алушының алдағы немесе ықтимал таратылуы туралы;

(j) Қарыз алушының Шарт бойынша Банк алдындағы өз міндеттемелерін бұзуына әкеп соғатын немесе әкеп соғуы мүмкін Қарыз алушының қызметіне, оның мүлкіне байланысты кез келген жағымсыз оқиғаның туындауы немесе туындау қаупі туралы;

(k) Қарыз алушының банктік шоты (-тары) бойынша операцияларды тоқтата тұру туралы; Қарыз алушының мүлкіне тыйым салу және/немесе өзге де ауыртпалық салу туралы; Қарыз алушының кез келген басқа үшінші тұлғалармен сот/төрелік (аралық) істері бойынша; кез келген өзгерістер туралы;

(l) біреудің Шарттың қолданысын даулауы туралы;

Қарыз алушының Шарттың осы тармақшасына сәйкес тиісті растаушы құжаттарымен бірге жолданатын хабарламасы Банк мекенжайына жоғарыда Шарттың осы тармақшасында көрсетілген мерзімде, ал ол болмаған жағдайда – тиісті оқиға болған/туындаған сәттен бастап 10 (он) күнтізбелік күннен кешіктірмей жолдануы керек.

2.5.7. Шарттың қолданылу мерзімі бойы Шарт бойынша өзінің барлық міндеттемелерін орындағаннан кейін ғана үшінші тұлғалар алдындағы міндеттемелерін қабылдауға және/немесе орындауға. Қарыз алушының Шарт бойынша міндеттемелерін Қарыз алушы Қарыз алушының барлық басқа міндеттемелерінің алдында бірінші кезекте орындайды, бұған Қарыз алушының Қазақстан Республикасы заңнамасының императивті талабына қарай Шарт бойынша міндеттемелерін орындағанға дейін орындауға тиіс міндеттемелер қосылмайды;

2.5.8. Шартта көзделген, сондай-ақ Банктің Шартта белгіленген өкілеттіктерінен туындайтын өзінің басқа да міндеттемелерін тиісінше орындауға.

### **3. ЕҢСЕРІЛМЕЙТІН КҮШ ЖАҒДАЙЛАРЫ**

3.1. Еңсерілмейтін күш жағдайлары, сонымен қатар, бірақ онымен шектелмей, табиғи апаттар, әскери қақтығыстар, террорлық әрекеттер, ұйғарымдар, бұйрықтар немесе Үкіметтің, ҚР Ұлттық Банкінің немесе қандай да бір басқа мемлекеттік органдардың тарапынан өзге әкімшілік кірісулер орын алып, олардың нәтижесінде Банк және/немесе Қарыз алушы Шарт бойынша қандай да бір міндеттемелерді тиісті орындай алмаса, бұл міндеттемелерді орындау мерзімдері осы жағдайлардың әрекет ету уақытына сәйкес жылжытылады.

3.2. Еңсерілмейтін күш жағдайларының пайда болу сәтінен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде, Шарт бойынша міндеттемелерді орындауда кедергілері бар Тарап, басқа Тарапты еңсерілмейтін күш жағдайының пайда болғандығы туралы жазбаша хабардар етуі тиіс. Олай болмаған жағдайда, мұндай Тарап үшін еңсерілмейтін күш жағдайларының нәтижесінде басқа Тарапқа хабарлама жіберу мүмкін болмаған жағдайларды қоспағанда, бұл Тарап еңсерілмейтін күш жағдайларына оны жауапкершіліктен босату негізі ретінде сүйену құқығынан айырылады.

3.3. Жалпыға мәлім сипатқа ие еңсерілмейтін күш жағдайлары қосымша дәлелдер мен хабарламаларды талап етпейді. Мүдделі Тарап барлық өзге еңсерілмейтін күш жағдайларына қатысты дәлелдемелерді ұсынады. Кәсіпкерлердердің ұлттық палатасы немесе өзге құзыретті орган берген құжаттар мұндай жағдайлар мен олардың ұзақтығын куәландыратын дәлелдеме болып табылады.

3.4. Еңсерілмейтін күш жағдайлары тоқтағаннан кейін 10 (он) жұмыс күні ішінде оған қатысқан Тарап екінші Тарапты еңсерілмейтін күш жағдайларының тоқтағандығы жөнінде жазбаша хабардар ете отырып, Шарт бойынша өзінің міндеттемелерін орындауды жалғастыруы тиіс.

### **4. БАСҚА ШАРТТАР**

4.1. Қарыз алушы Банкке өзі туралы мәліметтерді кредиттік бюроларға беруіне және кредиттік бюроларға Банкке ол туралы кредиттік есепті, сондай-ақ Тараптардың Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындауына байланысты ақпаратты беруіне келісімін берді.

4.2. Шартқа қолданылатын құқық Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңы болып табылады.

4.3. Тараптар арасында туындайтын дауларды бірлесіп реттеу мүмкін болмаған жағдайда, Банктің орналасқан жері бойынша соттың қарауына беріледі (шарттық соттылық).

4.4. Тараптар осы арқылы Банктің Қарыз алушыға міндеттемелерді бұзғаны туралы хабарламаны Қосылу туралы өтініште көрсетілген мекенжай бойынша, берешек сомасы (мерзімі өткен) және/немесе бұзылған міндеттемені орындау мерзімі, сондай-ақ Қарыз алушының Банк талаптарын орындамау салдарлары көрсетілген тапсырысты хат арқылы (адресаттың оны алғаны

туралы хабарламамен) жіберуге құқылы екендігін растайды және келіседі. Егер Қарыз алушы хабарламада белгіленген мерзімде және көлемде талаптарды орындамаған жағдайда немесе хабарламаны алған күннен бастап 10 (он) күнтізбелік күн ішінде жазбаша қарсылықтарын ұсынбаса не хабарламаны алудан бас тарту мақсатында кез келген әрекетті орындаса, атап айтқанда, Банктің, пошта ұйымының немесе Банк Банктің хат-хабарын жіберу және жеткізу үшін тартқан өзге де ұйымдарының қызметкерлері растаған хабарламаны алудан бас тарту, Банкке өзінің орналасқан жерінің нақты мекенжайының өзгергені туралы хабарламауы (мұндай жағдайларда Банктің хабарламасын Қарыз алушы алды деп есептеледі) Банк талаптарын Қарыз алушы Банктің хабарламасында көрсетілген (хабарламаны құрастыру күніндегі) сомада құпталған болып есептеледі және сот бұйрығын шығару үшін Банктің сотқа жүгіну мақсаты үшін даусыз болып қаралады.

4.5. Егер басқасы Шартта тікелей қарастырылмаса, Шартты орындау аясында Тараптар жіберетін барлық хабарлама (талаптар, хабарландырулар), сонымен қатар Шарт талаптарын Қарыз алушы үшін жақсартуға байланысты енгізілетін құжат түрінде рәсімделген өзгертулер/толықтырулар Қарыз алушының қолына және/немесе Қарыз алушы көрсеткен деректемелер бойынша пошта қызметімен және/немесе факспен және/немесе электронды пошта арқылы жіберілген болса, сондай-ақ Банктің сайтында орналастыру арқылы хабарланған болса, тиісті Тарап жіберген және/немесе алған болып есептелінеді.

4.6. Шартқа сәйкес Банк соттан тыс біржақты тәртіпте енгізген барлық өзгерістер және/немесе толықтырулар Банктің [www.forte.kz](http://www.forte.kz) сайтында жарияланған сәттен бастап күшіне енеді.

Шарт талаптарын Қарыз алушы үшін жақсартатын Банктің бір жақты соттан тыс тәртіпте енгізетін өзгертулері/толықтырулары Қарыз алушы Банктен тиісті хабарламаны алған күннен бастап 14 (он төрт) күнтізбелік күні өткен соң және Қарыз алушы осы Шартта қарастырылған тәртіпте Банк ұсынған жақсарту талаптарынан бас тартпаған жағдайда күшіне енеді.

4.7. Қарыз алушының Шарт бойынша құқықтары және/немесе міндеттері Банктің алдын ала жазбаша келісімімен ғана үшінші тұлғаға (тұлғаларға) берілуі мүмкін.

4.8. Қарыз алушы Шартқа қол қою арқылы дербес деректерін және Қарыз алушыға қатысты басқа да құпия және өзге ақпаратты, «Қазақстан Республикасындағы кредиттік бюролар және кредит тарихын қалыптастыру туралы» Қазақстан Республикасының Заңында қарастырылған негативті ақпараттан басқа, Қарыз алушыға қатысты кез келген басқа да негативті ақпаратты өңдеуге, сонымен қатар Банк өз қарауы бойынша қажетті деп санайтын басқа да кез келген мақсаттар үшін, сондай-ақ FATCA талаптарын орындау мақсатында қолдануға өз келісімін береді. Қарыз алушының немесе Банктің Тараптар иелігіндегі үшінші тұлғалар туралы, мұндай тұлғалардың Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қорғалатын құпия ақпаратты құрайтын дербес деректері болып табылатын ақпаратты кез келген түрде беруі ұсынушы Тарап үшінші тұлғалардан мұндай ақпаратты ұсыну туралы (өңдеуге, соның ішінде тиісті мақсаттар үшін қолдануға) тиісті келісімдерді алған соң және осындай келісімдерде белгіленген көлемде ғана жүзеге асырылады. Осы келісім Қарыз алушы Банк алдындағы шарттық және басқа да міндеттемелерін толық көлемде орындауларына дейін әрекет етеді, бұған Банктің Қарыз алушыға қатысты кез келген дереккөзден алған, өңдеу үшін Банкке шектелмеген мерзім берілетін негативті ақпарат қосылмайды.

4.9. Шарт Тараптарының әрқайсысы екінші Тараптан алынған қаржылық, коммерциялық және басқа да ақпараттың, Қосылу туралы өтішін талаптардың құпиялығын қатаң сақтауға міндеттенеді. Мұндай ақпаратты үшінші тұлғаларға беру, оны жариялау немесе жария ету Банктің Шарт бойынша өз құқықтарын жүзеге асыру мақсатында немесе келесі жағдайларды қоспағанда, ол бойынша ақпаратты екінші Тарап жария ететін Тараптың алдын ала жазбаша келісімімен ғана мүмкін:

a) Банк Бланкілік кепілдіктер бойынша қосылу туралы өтініште көзделген акцептісіз есептен шығару құқығын жүзеге асырған кезде Банк банкке (банктерге) (банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымға (ұйымдарға)) құпия ақпаратты ашқан жағдайларда;

b) Шарт бойынша құқықтарды және/немесе міндеттерді толық немесе ішінара беру;

c) Қарыз алушының Шарттың 2.5.2 тармақшаларында көзделген мәмілелерді жасасуына тікелей және/немесе жанама мүдделі үшінші тұлғаларға Банктің оларды орындаудың Шартта белгіленген тәртібі және оны Қарыз алушының бұзуына байланысты туындауы мүмкін салдарлар туралы хабарлауы;

d) Қазақстан Республикасының және/немесе Қарыз алушы тіркелген және/немесе резиденттігі елінің заңнамасының талаптарына сәйкес үшінші тұлғаларға ақпарат беру;



е) Банктің құпия ақпаратты өзінің контрагент-іне(-теріне) ашу жағдайларында, Банк мұндай тұлғамен (тұлғалармен) мәні контрагенттің (-тердің) Банктен алынған/алынатын құпия ақпаратты үшінші тұлғаларға таратпау міндеттемелерін қабылдауы болып табылатын келісімді (-дерді) бекітетін болса;

4.10. Шарт әрқайсысының заңды күші бірдей мемлекеттік және орыс тілдерінде жасалды. Осы Шарттың мемлекеттік және орыс тілдеріндегі редакциялары арасында айырмашылықтар болған жағдайда – осы Шарттың қазақ тілінде жасалған редакциясын Тараптар Шарттың орыс тіліндегі редакциясын негізге ала отырып түсіндіреді.

Банк:

«ForteBank» АҚ

Мекенжайы: Нұр-Сұлтан қ-сы, Достық к-сі, 8/1

БСК ІРТҮКЗКА

БСН 990740000683

БЕК – 14

Коршот: «Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі» РММ-дегі  
KZ23125KZT1001300204

Телефоны: +7 (727) 258-40-40, +7 (727) 258-75-75, +7 (7172) 58-75-75, 55575  
(мобильді телефоннан)